

"Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 169 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 5 сәуірдегі № 133 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 25 сәуірде № 6898 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 17 тамыздағы № 386 бұйрығымен

Ескерту Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрінің 2012.08.17 № 386 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) бұйрығымен.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 25) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 169 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6242 тіркелген және «Егемен Қазақстан» республикалық газетінде 2010 жылғы 30 қарашадағы № 506-512 (26355) санында жарияланған)) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша ұйымдастыру ережесінде:

4-тармақта «жоғары оқу орнынан кейінгі білім» деген сөздер алынып т а с т а л с ы н .

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (С.М. Өмірбаев) белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өтуін қамтамасыз етсін;

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялансын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

Б. Жұмағұлов

